

ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

**ПАРАСАТТЫЛЫҚ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

НҰР-СҰЛТАН

1. Жалпы ережелер

1.1 Парасаттылық мектебі (бұдан әрі - Мектеп) бұл Еуразия гуманитарлық институтының академиялық қоғамдастығына қатысушылардың жеке және кәсіби дамуының нысаны, ол академиялық адалдық саясатының қағидаттары мен базалық ережелеріне сәйкестікті, белсенді шығармашылық қолайлы атмосфераны, ұжымдық және жеке оқыту нысандарының үйлесімін, мақсатқа ұмтылушылықты, оқу-білім беру процесіне қатысушылар мен барлық мүдделі адамдар арасындағы үздіксіз өзара іс-қимылды қамтиды.

1.2 Мектеп өз қызметін келесі нормативтік актілер негізінде және оларға сәйкес жүзеге асырады:

- ҚР Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» заңы;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;
- ҚР БҒМ-ның 2015 жылғы 9 сәуірдегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
- ҚР БҒМ-ның 2020 жылғы 4 мамырдағы №174 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- Академиялық адалдық кодексі (2018 жылғы 3 қарашадағы №131 хаттама);
- ЕАГИ білім алушыларының тәртіптік комиссиясы туралы ереже (2018 жылғы 26 қазандағы № 159 бұйрық);
- ЕАГИ қызметкерлерінің тәртіптік комиссиясы туралы ереже (2018 жылғы 26 қазандағы №161 бұйрық);
- «Антиплагиат» жүйесінің жұмыс істеуі туралы ереже (2018 жылғы 19 қарашадағы №170 бұйрық);
- Әдеп, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің Ережесі (2020 жылғы 3 қаңтардағы №1 бұйрық);
- Осы Ереже.

1.3 Мектеп өз қызметінде заңдылық, объективтілік, жеке жауапкершілік,

әділеттілік және әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

1.4 Мектеп өз қызметінде мынадай негізгі аспектілерде парасаттылықты түсінуге негізделеді:

Парасаттылық бұл –

- қазақстандық қоғамда, оның ішінде студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық үлгісін қалыптастыру. Ол сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті, заңнама нормаларын сақтауға ұмтылуды, студенттердің білім және мәдени деңгейін арттыруды көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау мен нығайтуға, білім беру процесіне қатысушылардың және білім беру мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге, осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін кәсіби ортаны қалыптастыратын және нығайтатын тұрақты міндетіне негізделген;
- қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтың негізі;
- құқық үстемдігі және адам құқықтарын сақтау;
- қоғамдық және жеке мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету;
- жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық ережелерін дәйекті сақтау.

2. Мектептің мақсаты мен міндеттері, қағидаттары:

2.1 Мақсаты: студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парасаттылық, патриотизм қатынастарын үдемелі дамыту, сыбайлас жемқорлыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділікті қалыптастыру.

2.2 Міндеттері:

- студент жастардың бойында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға жат мәні, оның нысандары, қоғам өмірінің түрлі салаларындағы көрініс ерекшеліктері, осы құбылыстың себептері мен әлеуметтік қауіпті және зиянды салдары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершіліктің құқықтық аспектілері туралы тұрақты білімді қалыптастыру;
- студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық үлгісін насихаттау;
- Еуразия гуманитарлық институтында парасаттылық пен академиялық адалдықты қалыптастыру;
- студент жастарды мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға тарту.

2.3 Қағидаттары:

- кәсіби әріптестік,
- академиялық саясаттың және оқу-білім беру процесінің жүйелілігі мен негізділігі,
- кешенділік және объективтілік,
- парасаттылық ережелері мен қағидаттарын оқу-білім беру процесіне имплементациялау және белсенді енгізу,

- академиялық процеске қатысушылардың жеке және жас ерекшеліктерін кәсіби даярлау деңгейі мен ерекшелігін есепке алу.

3. Парасаттылық мектебі жұмысының бағыттары

- сыбайлас жемқорлық құбылысы туралы құқықтық және теориялық білімді кешенді теріс, қоғамға қарсы құбылыс және онымен байланысты ұғымдар ретінде қалыптастыру;
- студенттерді академиялық адалдық, парасаттылық стандарттары мен қағидаттарына оқыту;
- студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы және құқықты тыңдау мінез-құлқының уәждемесін ынталандыру;
- құқықтық және жеке мәдениет, құқықтық білім деңгейін және белсенді азаматтық ұстанымды белсенді дамыту.

4. Жұмысты ұйымдастыру

4.1 Жұмыс түрлері мен әдістері: дәрістер; семинарлар; «Әлем және жастар» лекторийі, вебинарлар, пікірталастар, тақырыптық талқылаулар, қонақ дәрістері, зияткерлік ойындар, дебаттар, практикалық сабақтар, шағын топтарда оқу кейстерімен жұмыс, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес халықаралық күні» бірыңғай сағаты, «Адалдық сағаты», «Парасаттылық сағаты», open discussion, «Таза сессия» акциясы.

4.2 Мектептің спикерлері мен тренерлері: институттың профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан ғалымдар, педагогикалық, әлеуметтік, құқықтық сала және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мамандары болып табылатын практикалық қызметкерлер, қоғамның белгілі өкілдері қатарынан шақырылған қонақтар, жастар ұйымдарының көшбасшылары, студенттік өзін-өзі басқару белсенділері, «Саналы ұрпақ» студенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы клубының мүшелері.

4.3 Академиялық ортада заңсыз іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлау механизмдері: «Таза сессия», «Оқытушы студенттер көзімен» акцияларын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі штаб; Қоғамдық қабылдау бөлмесі (101-каб., №2 оқу ғимараты); «Ұсыныстар, ескертулер мен тілектерге арналған жәшік»; сенім телефонының «Жедел желісі» - 56-20-09; консультациялық, анықтамалық-ақпараттық, әлеуметтік-құқықтық қызметтер көрсетуге арналған call-орталық – 56 21 71; институт сайтындағы ректор блогы (www.egi.edu.kz).

4.4 Әрекет ету уақыты: оқу жылы ішінде.

4.5 «Қолжетімділік және түсініктілік» тетігін іске асырудан тиімділікке қол жеткізу үшін коммуникация арналары: ЖОО-ның www.egi.edu.kz ресми сайты, әлеуметтік Интернет желісіндегі «ВКонтакте», Instagram:@eagi_life, Facebook: ЕАГИ институт аккаунттары.

Институт ректорының 2019 жылғы 11 қазандағы № 224 Ө/Б бұйрығымен бекітілген.